

"Шектеу іс-шараларын алу және 2016 жылғы 3 тамыздағы № 22 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 30 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 5234 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 20 қазандағы № 14-01/300 ұсынысы негізінде Саркөл ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Саркөл ауылдық округінің "Масло-Пром" қыстағындағы "Баймагамбет" кожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруына жоспарлы ветеринарлық сауықтыру жұмыстарының атқарылуына байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Саркөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 3 тамыздағы № 22 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5031 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 тамыздағы "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Саркөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 20 қазандағы № 27 "Шектеу іс-шараларын алып тастау туралы" шешімі жойылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Саркөл ауылдық округінің әкімі

К.У. Шалманов